

Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Қаңтар 2022 жыл

Сурет: Владислав Воднев



Мазмұны

01 Іріктеме туралы ақпарат


02 Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі экономика бойынша

03 Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік индексі

04 Іскерлік белсенділік индексі Қазақстан аймақтары бойынша


05 Басқа мемлекеттердің PMI индексі

06 Бизнес-ахуал индексі



01
Іріктеме туралы ақпарат


2022 жылғы қаңтардағы респонденттердің саны – ***459 кәсіпорын***.



- *Іскерлік белсенділік индексі - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индекс.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*



Респондент - кәсіпорындардың салалық құрамы



Респондент - кәсіпорындардың өлшемдік құрамы






02

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



2022 жылғы қаңтардағы нақты сектордағы 459 кәсіпорынға жүргізілген ай сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша іскерлік белсенділік индексі төмендеп **50,0** құрады (2021 жылғы желтоқсанда – 50,6).

Құрылыс саласында индекс **45,7**, қызмет көрсету секторында **49,4,** өнеркәсіпте **51,8** деңгейінде қалыптасты (2021 жылғы желтоқсанда – тиісінше 51,3, 50,4 және 50,7).

** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Экономика бойынша бірлестірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні

Экономика бойынша ІБИ
50,0

Құрылыс секторы бойынша ІБИ
45,7

Қызмет көрсету секторы бойынша ІБИ
49,4


Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ
51,8



03

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



Іскерлік белсенділік тек өнеркәсіпте жақсарды, индекстің мәні жаңа өнім мен тапсырыс көлемінің артуына байланысты **51,8**-ге дейін көтерілді.

Құрылыс пен қызмет көрсету секторларында индекс қайтадан теріс аймаққа өтіп, сәйкесінше **45,7** және **49,4** құрады. Бұл секторларда жаңа тапсырыс көлемінің және жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуі байқалды.

** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*

Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің өзгерістерінің жиынтығы ретінде есептеледі

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ


- Тауарлық-материалдық қорлар
- Жаңа өнім
- Жеткізу мерзімі
- Жұмыспен қамту деңгейі
- Жаңа тапсырыстар
- Іскерлік белсенділік

Құрылыс секторындағы ІБИ


Қызмет көрсету секторындағы ІБИ

04 Қазақстан аймақтары бойынша Іскерлік белсенділік индексі

2022 жылғы қаңтардағы аймақтар бойынша ІБИ



2021 жылғы желтоқсан – 2022 жылғы қаңтардағы ІБИ динамикасы



Қазақстан аймақтары бойынша кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің жақсаруы 7 өңірде орын алды: Солтүстік Қазақстан (**60,7**), Түркістан (**54,4**), Батыс Қазақстан (**54,0**), Павлодар (**52,0**), Алматы (**51,2**), Шығыс Қазақстан (**50,3**) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (**50,8**).


Іскерлік белсенділіктің төмендеуі 10 өңірде орын алды: Алматы қаласында (**44,7**), Қызылорда облысында (**44,1**), Ақмола (**45,9**) облыстарында, Шымкент қаласында (**47,6**), Жамбыл (**47,9**), Қостанай (**48,5**), Маңғыстау (**48,6**), Ақтөбе (**49,6**), Атырау (**49,1**) және Қарағанды (**49,7**) облыстарында.



05

Басқа мемлекеттердің PMI индексі

Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің жиынтық PMI индексінің динамикасы




9.02.2022ж. мәліметтер
Дереккөз: https://tradingeconomics.com; https://www.markiteconomics.com
Түркия және Голландия бойынша өнеркәсіптегі PMI



06


Бизнес-ахуал индексі (БАИ)

БИЗНЕС-АХУАЛ ИНДЕКСІ (БАИ)
Ағымдығы жағдайды бағалау



**Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Кәсіпорындар ұсынылған жауаптардың бірін таңдайды «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Үлестер салмақтанып есептелінеді.*


Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.



2022 жылғы қаңтарда респонденттер **ағымдағы бизнес-ахуалды** теріс бағалады. Жауаптар теңгерімі* 2021 жылғы желтоқсандағы (-)0,1 ден **(-)2,3** дейін төмендеді. Көрсеткіштің төмендеуін әсіресе құрылыс саласындағы кәсіпорындары атап өтті, мұнда көрсеткіш (-)13,4 құрады. Қызмет көрсету секторында да баға төмендеді (-2,9 дейін), ал өнеркәсіп кәсіпорындары ағымдағы жағдайды бейтарап бағалады (0,5).

Кәсіпорындар сұраныстың төмендегенін атап өтті: жауаптар теңгерімі 2021 жылғы ақпаннан бері алғаш рет теріс мәнге ие болып, (-)5,9 құрады. Инфрақұрылымның бағалауы да 2021 жылғы қаңтардан бері алғаш рет теріс мәнге ие болып, (-)2,8 құрады. Бағалаудың жақсаруы тек бизнесті қорғау мәселелеріне қатысты болды, алайда баға әлі теріс болып қалып отыр (-2,3). 2022 жылғы қаңтарда қаржы/несиенің қол жетімділігінен басқа факторлардың бәрі бойынша кері бағалау басым болды.

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)
Бизнес-цикл «сағаты»



Экономика бойынша БАИ	Құрылыстағы БАИ	Қызмет көрсетудегі БАИ	Өнеркәсіптегі БАИ
7,5	1,0	6,3	10,4

2022 жылғы қаңтарда респонденттердің деректері бойынша **ағымдағы** бизнес жағдайды бағалау бойынша жауаптар теңгерімі теріс мәнге ие болып **(-)2,3** құрады. Нәтижесінде алдағы **6 айға оптимизмнің артуына қарамастан,** бизнес-цикл "сағатының" индикаторы **көтерілу** аймағында ауысты.


Ағымдағы және болашақтағы бизнес-жағдайдың орташа бағасы болып табылатын **бизнес-ахуал индексі** азын-аулақ төмендеп, экономикада **7,5** құрады (2021 жылғы желтоқсанда 7,7). БАИ құрылыста 1,0 құрады. Қызмет көрсету және өнеркәсіп секторларында көрсеткіштер тиісінше 6,3 және 10,4 құрады.

*БАИ, Ifo институтының әдістемесіне сәйкес, жауаптар балансының орташа геометриялық мәні

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)
- Ағымдағы экономикалық жағдай (АЖ)
- Болашақ экономикалық жағдай (БЖ)

$$БАИ^* = \sqrt{(ЖБ(АЖ) + 200) * (ЖБ(БЖ) + 200)} - 200$$

ЖБ – жауаптар балансы
АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай
БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай



Сурет: Владислав Воднев

Әдіснамалық түсініктеме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптар үлесінің жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазарту мен ЖІӨ-дегі салалық жалпы қосылған құн үлесін қайта бағалау себебінен индекстердің мәні өзгеруі мүмкін.
- ✓ Бизнес - ахуал индексі мен бизнес-цикл «сағаты» Ifo институтының (Германия) әдістемесіне сәйкес жасалған.

Ақша-кредит саясаты департаменті
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ